

2 МЕТАЛДАР МЕН ҚОРЫТПАЛАРДЫҢ ҚҰЙЫЛУ ҚАСИЕТТЕРИН АНЫҚТАУ (ШӨГҮ)

№ 2 Зертханалық жұмыс

2.1 Жұмыстың мақсаты

- шөгу – физикалық процесін оқу;
- шөгуді анықтау әдістерімен танысу;
- экспериментті тәжирие жүзінде атқару;

2.2 Жабдықтар, айлабұйымдар мен құралдар

- металл балқытатын пеш;
- термо-ЭКК-ті өлшейтін потенциометр;
- хромель-алюмельді термопара;
- балқытуға және құюға арналған ыдыстар;
- штангенциркуль;
- арнайы киім;
- қорытпаның сызықтық шөгуін өлшейтін құрал.

2.3 Теориялық мәліметтер

Қату және салқындау кезінде металл көлемінің және сызықтық өлшемінің кему қасиеті шөгу деп аталады. Шөгу көлемдік және сызықтық шөгу болып ажыратылады. Әрқайсының өлшем бірлігі көлемдік (m^3) бірлікте немесе ұзындық (m) бірлікте өлшенесе абсолютті болады немесе пайызбен өлшеніп салыстырмалы шамада болуы мүмкін

Құйманың көлемдік шөгуі деп қораманың құыстарының көлемі V_ϕ мен құйманың көлемі $V_{отл}$ арасындағы айырмашылығы аталады. Құйма толығымен сұғаннан кейін (20°C дейін):

$$\varepsilon_V = V_\phi - V_{отл.}, \text{ м}^3 \quad (1)$$

$$\varepsilon_V = \frac{V_\phi - V_{отл.}}{V_{отл.}} \cdot 100, \% \quad (2)$$

Көлемдік шөгу құйманың соңғы кезекте қататын жерлердегі шөгіндік қаяулардан немесе шөгінді кеуектіліктен пайда болады. Қорытпаның көлемдік шөгуі неғұрлым үлкен болса, құймадағы шөгіндік қаяулардың мөлшері соғұрлым үлкен болады.

Құйманың сызықтық шөгуі деп қораманың сүйық металмен толған қуыстарының сызықтық өлшемдері L_{ϕ} мен құйманың өлшемдерінің $L_{отл}$ арасындағы айырмашылығы аталады. Құйма толығымен суығаннан кейін (20°C дейін):

$$\varepsilon_L = L_{\phi} - L_{отл}, \text{ м}$$

(3)

$$\varepsilon_L = \frac{L_{\phi} - L_{отл}}{L_{отл}} \cdot 100, \%$$

(4)

Модельдерді, қую жүйелерін, өзек жәшіктерін, құйманың өзін құрылымдау кезінде және оның алу технологиясын дайындауда қорытпаның шөгу қасиеті міндепті түрде есепке алынады.

Сызықтық шөгу шамасын арнаулы формулалармен есептеуге болады, бірақ ол үшін ескерілетін жағдайларды толық қамту мүмкін емес. Сол себепті қорытпалардың сызықтық шөгүін экспериментті түрде арнайы құйылған үлгілермен анықтайды.

Қорытпаның сызықтық шөгу шамасы тұзу қайрақша немесе шыбық пішінді үлгілер арқылы анықталады. Алдымен қораманың сызықтық өлшемін (L_{ϕ}) табады, немесе қимаулігімен дәлдеп қояды. Соңан соң қорамаға ерітінді құйылады. Шөгу шамасын толығымен суыған құйманың ұзындығын ($L_{отл.}$) өлшеу арқылы немесе құйманың түбіндегі өлшем нүктесінің кристалдану процесінде және толық суыған кезіндегі орын ауыстыруын өлшеумен анықтайды.

Қорытпаның сызықтық шөгүімен құйманың сызықтық шөгүін ажыраты білу керек.


Жалпы жағдайларда қораманың өзі мен өзектері, ішкі және сыртқы шығынқыларға, қабырғаларға құйманың үйкелу салдарынан, құйманың өлшемінің кішірейуіне мүмкіндік бермейді.

Құйманың әрбір бөлігінің сызықтық шөгүі бірдей емес. Фасонды құймалардың сызықтық шөгүі қорытпалардың сызықтық шөгүінен төмен, ал кесек құймалардың сызықтық шөгүі қорытпалардың сызықтық шөгүіне тең. Шөгу құбылысы құймаларда әртүрлі ақаулар: шалыстық, сызықтық өлшемдердің сәйкес еместігін, шөгу қуыстарын, шөгу кеуектілігін, ыстық жарықшаларды, салқын жарықшаларды тудыруы мүмкін.

Суретте абсолютті сызықтық шөгуді анықтайтын аспап берілген. Үлгі 1 құятын қорама аралас: қораманың 2 және 3 шеткі бөліктері металдан, ал 4 ортаңғы бөлігі қорамалық (құмды) қоспа. Қозғалмайтын 2 металл бөлігі аспаптың корпусымен қосылған. Қозғалып тұратын 3 металл бөлігі 6 сағат типті индикатордың 5 өлшеуіш аяғымен қосылған.

Металдық бөлігіндегі α жақтау шұнқырлары құйылған үлгінің тұрақты бекітілуін және қозғалатын бөлігінің шөгу кезіндегі орын ауыстыруын, ал қораманың құймалық бөлігі осында орын ауыстыруға кедергі болмауын қамтамасыз етеді. Орын ауыстыру шамасын (шөгуін) сағат типті индикатор көрсетеді.

Үлгі қораманың ұзындығы тұрақты және 200мм тең. Осы өлшем қораманы дайындау кезінде және индикаторды орнатуда арнаулы қимаулгімен қойылады.



3- сурет. Абсолютті сызықтық шөгуді анықтауға арналған аспап.

2.4 Жұмыс реті

- 1) Тапсырма мен қажетті материалдарды алу.
- 2) Диаграма бойынша немесе кесте арқылы металдың ликвидус (балқу) температурасын анықтау.
- 3) Металды пеште ликвидус температурасынан 80°C –тан жоғары температурада балқыту.
- 4) Қорытпаны қуюға құралды дайындау:
 - өлшеуіш аспапты орнату;
 - қимаулгі бойынша қораманың ұзындығын 200 мм-ге теңеп қою;
 - қораманың жақтау құыстарын шөгу еркін жүргү үшін қорамалық құм қоспасымен толтыру;

- қимаұлгіні алыш тастау.
- 5) Индикатордың тілін нөлге тақау.
 - 6) Дайындалған металды қорамаға құю.
 - 7) Құйманы бөлме температурасына дейін сұыту.
 - 8) Индикатордың көрсеткішін жазу (сызықтық шөгудің абсолютті еркіндік шамасы).
 - 9) Қорытпаны құю 3 рет қайталанады
 - 10) Алынған нәтижені 2 кестеге толтыру керек.

2 – кесте. Тәжірибелің нәтижесі.

№ п/п	Температура, $^{\circ}\text{C}$		Қорама ұзынды ғы, мм	Индикат ор көрсеткі ші	Абсолютті шөгу, мм	Құйма ұзынды ғы, мм	Салысты рмалы шөгу, %
	ликвидус	құю					
1							
2							
3							
Орташа сан							

2.5 Есеп беру мазмұны

- 1) Шөгудің негізгі түрлері.
- 1) Шөгуді анықтау әдістері.
- 2) Аспаптың эскизи.
- 3) Нәтижелер кестесі.
- 4) Қорытынды.

2.6 Өзіндік тексеру сұрақтары

- 1) Қолданылатын жабдықтардың сипаттамалары.

- 1) Шөгу түрлері және себебі.
- 2) Шөгудің тигізер негізгі әсерлері.
- 3) Шөгуді анықтау тәсілдері .
- 4) Аспаптың жұмысы.